

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	044-34/16
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	8 беттің 1беті

Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)

Мамандық: 5В130100 «Жалпы медицина»

Пән: Акушерия

Курс: 4

Кафедра: Акушерлік және гинекология

Құрастырушылар: Кулбаева С.Н., Джунусова Р.К.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	044-34/16 8 беттің 2беті

Акушерлік және гинекология кафедрасының мәжілісінде қарастырылған

Хаттама № 01 « 28 » 08 2022ж.

Кафедра меңгерушісі, PhD, қауымдаст. профессор





С.Н. Кулбаева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	044-34/16
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	8 беттің 3беті



1. **Клиникалық дағды аталуы:** Леопольда-Левицкийдің 4 тәсілін жасау алгоритмі.
2. **Оқыту мақсаты:** шүйдемен келудің алдыңғы түріндегі босануды қабылдауды үйрету.
3. **Алдын-ала инструктаж бен манекенде дағдыны көрсетуге арналған уақыт – 5 минут.**
4. **Дағдыны өз бетінше игеру үшін қажетті уақыт (минутпен, бір студентке есептегенде) – 10 минут.**
5. **Дағдыны игеруге арналған қажетті теориялық білімдер:** әйел жамбас сүйектерінің анатомиясы, жамбас сүйектерін.
6. **Тренажерлердің, манекендердің, модельдердің, көрнекі құралдардың тізбесі:** Афродита, Надежда тренажері.
7. **Тренажер, симулятор, манекен, моделдер тізімі:** Леопольд-Левицкийдің 4 тәсілін жасауға арналған Афродита тренажері, жаңа туған нәрестелерге арналған жиынтық, партограмма схемасы, стетоскоп, сантиметрлік таспа.

8. Дағдыны орындау алгоритмі:

№	Қадамдық әрекеттер	Орындалды	Орындалмады	Ескерту
1	Леопольд-Левицкий тәсілімен сыртқы акушерлік зерттеу әдісін жүргізеді. Бұл үшін экзамен тапсырушы әйелдің оң жағында орналасады. I-тәсіл. Жатыр түбінің биіктігін анықтау, бұл үшін оң қолын және сол қолының алақандарын жатыр түбіне саусақтарын ұштастырып орналастырады.			
				

	Сыртқы акушерлік тексерудің бірінші тәсілі.			
2	II-тәсіл. Жатыр түбінде орналасқан қолдарын жатырдың екі бүйіріне қарай жылжытып, осы жерде орналасқан ұрықтың арқасын және майда бөлшектерін, позициясын және түрін анықтайды. Егер ұрықтың арқасы сол жағында орналасса- I позиция, ал оң жағында орналасса – II позиция. Егер ұрықтың арқасы жатырдың алдыңғы қабырғасында орналасса- алдыңғы түрі, ал артқа қарап орналасса- артқы түрі болады.			
				
	Сыртқы акушерлік тексерудің екінші тәсілі.			
3	III-тәсіл. Жамбастың кіреберісінде ұрықтың қай бөлігі орналасқанын анықтау үшін зерттеуші оң қолын қасаға үстіне қойып ұрықтың жатқан бөлігін ұстайды. Егер ұрықтың бас бөлігі болса ол жұмыр әрі қозғалмалы болып келеді, ал жамбас бөлігі болса, ол жазықтау және қозғалмайды.			

				
4	<p>Сыртқы акушерлік тексерудің үшінші тәсілі.</p> <p>IV-тәсіл. Зерттеуші ұрықтың орналасқан бөлігінің жамбас жазықтығына қатынасын анықтайды. Бұл үшін зерттеуші әйелдің оң жағында орналасып, бірақ аяқ ұштарына қарап тұрады. Бұнда жамбас кіреберіс жазықтығына ұрықтың орналасқан бөлігінің қарым-қатынасы анықталады, оның жамбас кіреберіс жазықтығына сәйкестігін анықтайды.</p>			

5				
	Сыртқы акушерлік тексерудің төртінші тәсілі.			
6	Ұрық жүрек қағысын тыңдау. Ұрықтың позициясына және алдында орналасқан бөлігіне байланысты стетаскопты орналастырады, ұрық басымен орналасса стетаскоп кіндіктен төмен, ал жамбаспен жатса кіндіктен жоғары орналастыру қажет. I позицияда стетаскоп әйел ішінің сол жақ бөлігіне, ал II позицияда оң жақ бөлігіне орналастырып ұрықтың жүрек соғу жиілігін анықтайды, қалыптысы-120-160 рет/мин, анық, ритмді.			
				

9. Тапсырмалар: диагноз қою, қалыпты босану дағдыларын көрсету, партограмманы толтыру.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	044-34/16	
Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	8 беттің 7беті	

10. Сабақ тақырыбы бойынша бағалауға арналған материалдар

Клиникалық оқиға: Қайта босанушы А., 26 жаста, мерзіміне жеткен жүктілікпен, қалыпты жамбас өлшемдерімен, 01.02.2017 ж., сағ. 13-00 ретті толғақ басталғаннан 3-4 сағаттан кейін, қағанақ қуығының бүтіндігімен Облыстық перинаталдық орталыққа келіп түсті.

Анамнезінде: жыныстық қатынаста 21 жастан. Гинекологиялық аурулары жоқ. Дәрі-дәрмектерге аллергиясы жоқ. Екі босану, қалыпты.

Объективті: жағдайы қанағаттанарлық, $t-36,6^{\circ}C$, пульс 86 рет мин. АҚ 120/80 120/70 мм.сын.бағ. Өкпесінде везикулярлы тыныс. Жүрек қағысы ырғақты. Жатыр өлшемі мерзіміне жеткен жүктілікке сай. Ұрық орналасуы тігінен, екінші позиция, алдыңғы түрі, басы кіші жамбас кіреберісіне қондырылған. Ұрықтың жүрек қағысы 140 рет/мин., кіндіктің сол жағында. Толғақ әр 40-45 секундта, 3-4 минут сайын, күші жақсы. Бөлінділер шырышты, қан аралас. Айнамен тексергенде қынап патологиясыз.

PV: жатыр мойны тегістелген, ашылуы 6-7 см., қағанақ қуығы бүтін. Ұрық басы кіші жамбас кіреберісіне қондырылған. Кіші еңбек оң жақта алдынан. Оқша жік кіші жамбастың сол қиғаш өлшемінде. Бөлінділер шырышты, қан аралас.

11. Орындауды бағалау критерийлері

1. Берілген тапсырманы толық орындады.
2. Берілген тапсырманы толық орындамады немесе жартылай орындады.
3. Берілген тапсырманы мүлдем орындаған жоқ.

12. Әдебиет: негізгі және қосымша

1. Клиникалық хаттама Қалыпты босану (Шүйдемен келудегі қалыпты босану) ҚР ДСМ 03.05.2022ж.
2. Bodyazhina, V. I. Cyesiology. Part 1: book /. - Almaty : "Evero" , 2017. - 244 p.
3. Bodyazhina, V. I. Cyesiology. Part 2: book /. - Almaty : "Evero" , 2017. - 244 p.
4. Bodyazhina, V. I. Cyesiology. Part 3 : book /. - Almaty : "Evero" , 2017. - 244 p.
5. Жүктілік кезіндегі преэклампсия ағымының ерекшеліктері: оқу құралы / А. Б. Түсіпқалиев [т/б.]. - Алматы : Эверо, 2016. - 220 бет.
6. Акушерия. Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулық: оқу құралы / қазақ тіліне ауд. А. Б. Түсіпқалиев ; ред. В. Е. Радзинский. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 776 бет.
7. Еспаев, Р. Н. Акушерия және гинекологиядағы қауырт жағдайлар: оқу құралы / Р. Н. Еспаев ; ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министірлігі. С. Ж. Асфендияров атындағы ҚҰМУ. - Алматы : ЖК "Ақнұр", 2015. - 180 бет.
8. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 1том.- Эверо,2015.
9. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 2том.- Эверо,2015.
10. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 3том.- Эверо,2015.
11. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 1том.- Эверо,2014.
12. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 2том.- Эверо,2014.
13. Бодяжина И.И. Акушерство : Оқулық 3том.- Эверо,2014.
14. Акушерия: оқулық / Г. М. Савельева - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 576 бет.
15. Дзигуа, М. В. Акушерия: практикалық сабақтарға басшылық: мед. училищелер мен колледждерге арналған оқу құралы - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 312 бет.
16. Доцанова, А. М. Акушериядағы шұғыл жағдайлар оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014. - 72 бет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Акушерлік және гинекология кафедрасы	Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)	044-34/16 8 беттің 8беті

17. Доцанова, А. М. Акушерия: оқулық . - Алматы : Эверо, 2014. - 640 бет.

13. Бағалауға арналған материалдар бойынша дұрыс жауаптар эталоны:
 Леопольда-Левицкийдің 4 тәсілін жасау.

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Акушерлік және гинекология кафедрасы</p>		<p>044-34/16</p>
<p>Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша әдістемелік нұсқау (орындау алгоритмі қолдануымен)</p>		<p>8 беттің 9беті</p>